

**Атбасар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № а-1/10 "2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 8 маусымдағы № а-6/187 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 3 шілдеде № 4851 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Атбасар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атбасар ауданы әкімдігінің «2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» 2015 жылғы 19 қаңтардағы № а-1/10 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4644 тіркелді, «Атбасар», «Простор» газеттерінде 2015 жылғы 22 ақпанда жарияланды) қаулысына келесі толықтыру енгізілсін:

қаулыны 2.1. тармақпен келесі тақырыпта толықтыру:  
«2.1. Осы қаулының күші 2015 жылғы 1 қаңтардан туындаған құқықтық қатынасқа т а р а т ы л а д ы . » .

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Атбасар ауданының әкімі*

*А.Никишов*